

Уақыт талабы- білікті кәсіби маман

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы ішкі істер органдарына жоғары кәсіби мамандар әзірлеу саласы бойынша еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарының бірі. 1971 жылы ашылған кіші және орта басшылық құрамды даярлайтын Қостанай облысаралық мектебі бүгінде академияға айналып, биыл 45 жыл толады.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауында жастарға «Білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға қазірден бастап дағдыланыңдар. Жұмыспен сұраныс бар өңірге батыл барыңдар. Шеберліктің шыңына жете білсеңдер мамандықтың бәрі жақсы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Тұрмысы жақсы, абыройы асқақ болады. Біз жүзеге асырып жатқан түбегейлі реформалар мен атқарып жатқан қыруар істердің бәрі сендер үшін, болашақ үшін жасалуда» деп бекер айтпағанды.

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік лицензиясына сәйкес, оқу ордасы үш мамандық бойынша білім беру қызметін жүзеге асырады: **«Құқық қорғау қызметі»**. Аталған мамандық бойынша дайындау екі мамандандыру бойынша жүзеге асырылады: әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-атқару; **«Педагогика және психология» және «Әлеуметтік жұмыс»**.

Жыл сайын Академиядан «құқық қорғау қызметі», «педагогика және психология», «әлеуметтік жұмыс» мамандықтары бойынша білім алған 300-ден аса тыңдаушы еліміздің, облыстың ІІД, ҚАЖД бөлімшелеріне қызметке жіберіледі. 1995-2015 жылдары ішкі істер органдары үшін 7 мыңнан астам қызметкерлер дайындалды. Оқытудың практикалық бағытын одан әрі сапалы деңгейде нығайту мақсатында курсанттар үшін профессорлық-оқытушылар құрамымен Қостанай облысының ІІД, ҚАЖД бөлімшелеріне шығу сабақтары, қосымша практика, кәсіптік шеберлік сайысы ұйымдастырылады.

Сонымен қатар Академияда білім беру қызметі үш Институт негізінде жүзеге асырылады:

Заң, оған екі факультет (күндізгі және сырттай оқыту) және 11 кафедра кіреді. Қазіргі уақытта Академия курсанттарының саны 1000 курсанттан асады. 2000 жылдан бастап 2015 жылға дейінгі кезеңде 3000 шамасында курсант жоғары кәсіби білім алып шықты.

Жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру, оған «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттағы магистратура кіреді. Магистратура басқару, ғылыми және педагогикалық кадрлар резервін даярлауды жүзеге асырады. Ашылған сәттен бастап магистратураны 60-тан аса қызметкер бітірді.

Біліктілікті арттыру және қайта даярлау, онда жыл сайын 16 санат бойынша ішкі істер органдарының 300-ден астам қызметкері біліктілігін арттырады. Білім

беру және ішкі істер органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру саласында өзара түсіністік пен әріптестікті нығайту туралы келісімге сәйкес Академияда 2009 жылғы қыркүйектен бастап Тәжікстан Республикасының азаматтары білім алады. Тәжікстан Республикасынан келген 8 курсант 2013 жылы оқуларын аяқтап, тұңғыш түлектер атанды. Сондай-ақ, Қаржы полициясы академиясының таратылуы нәтижесінде, оқуын әрі қарай жалғастыру үшін бізге 50 курсант келді: оның 10-ы Тәжікстан Республикасының және 5-еуі Қырғызстан Республикасының өкілдері. Қазіргі уақытта Академияда Тәжікстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасынан келген 30-дан аса азамат білім нәрін алып жүр.

Елбасымыздың «Қазақстан-2050» стратегиясында «Әлемдік саясатта біздің еліміз-талассыз халықаралық беделге ие, жауапты да сенімді серіктес. Біз жаһандық қауіпсіздікті нығайту ісінде маңызды роль атқарамыз, халықаралық терроризмге, экстремизмге және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресте әлемдік қауымдастықты қолдаймыз. Біз өз қауіпсіздігіміз үшін халықаралық үнқатысу алаңы-Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыруға бастамашылық жасадық» деп атап көрсеткенді.

Бүгінгі таңда, Академия ТМД елінің (Белорусь, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Украина) ведомстволық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық тәжірибесі бар. Сондай-ақ, ІІМ оқу орындарында құқық қорғау қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін сапалы орындау, кәсіби білімін шыңдау, іскерлікке дағдылану мақсатында, халықаралық ынтымақтастықтың маңызы зор. Яғни, 2015 жылы Академия Полициялық Академияларының Халықаралық Ассоциациясының құқық мүшесі болды (INTERPA). Бұл шешім Бірлескен Араб Әмірліктерінің Абу-Даби қаласында өткен, INTERPA 4-ші Халықаралық конференциясының өту кезінде қабылданды. Оған 46 әлем елдерінің 59 полициялық оқу мекемелері енеді. Қауымдастықтың мақсаты: осы салада өткізілген ғылыми зерттеулер мен қолдағы бар әдістемелерді қолданып, полициялық оқу мекемелерінің ынтымақтастығын ұйымдастыру және үйлестіру. Мекемелердің басшыларына, профессорлық-оқытушылар құрамына және курсанттарына ұлттық оқу орындарының арасында бағдарламалардың алмасуын ұйымдастыру. Бірлескен бағдарламалар арқылы жоғары тұрған басшылардың кәсіби біліктілігін арттыру.

Елбасымызда «Қазақстан-2050» стратегиясында «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек.» деп атап көрсеткен-ді. Сондықтан да қазіргі уақытта академиямыздың ғылыми әлеуетінің атқарып отырған жұмыстары ауқымды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің құжаттарымен реттелетін жоғары оқу орындары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім саласындағы жоғары білім беру мемлекеттік саясатына сәйкес ұйымдастырылып, жүзеге асырылады. Профессорлық-оқытушыларымыз іргелі, қолданбалы және ішкі істер органдары қызметі, оқытудың мазмұны және әдістемесін жетілдірудің өзекті проблемалары және 2015-2017 жылдарына арналған Қазақстан Республикасы ІІМ ҒЗТКЖ жоспарына сәйкес ҚР ІІМ ҚАЖ комитетінің, 2015-2017 жылдарына арналған Қазақстан Республикасы ІІМ ҒЗТКЖ жоспарына сәйкес ҚР ІІМ Ұлттық ұланының өтінімі бойынша зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Мәселен, жуырда шетел сарапшыларының қатысуымен пробациялық қызметі туралы жоба жан-жақты талқыланды. Академиямызда 1 доктор және 29 ғылыми кандидат бар. Профессорлық-оқытушылар құрамы лауазымында 11 полковник пен 5 спорт шебері жұмыс істейді.

Еліміздегі стратегиялық білім беру бағдарламалары жастардың білім мен ғылым жолында жан-жақты дамуларына, жаңа өзгерістерге төтеп бере алатын, заманауи техниканы меңгерген, өз ісінің кәсіби шеберлері ретінде қалыптасуларына мүмкіндіктер беруде. Елбасының осындай саясатын жете түсінген ел азаматы өзінің кәсіби біліктілігін үзбей жетілдіріп, озық инновациялық технологияларды меңгеру жолында ерен еңбек жасауы қажет.

Құқық қорғау саласына маман даярлайтын оқу орны болғандықтан курсанттарымызды келешекте құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында өздеріне жүктелген жауапты қызметтерін тәуелсіз орындауға, халыққа адал қызмет етуге, сондай-ақ қоғамдық және мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында ұжым бір адамдай жұмыла сапалы білім, саналы тәрбие беруге ұмтыламыз. Бұл тұста, Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 11 сәуірдегі «Көтермелеу практикасын жетілдіру туралы» № 227 бұйрығына сәйкес 1 қыркүйектегі білім күніне арналған салтанатты шарада күндізгі оқыту факультетінің үздік оқитын 4 курс курсанты «Оқу орнының үздігі» кеуде белгісімен марапатталды. 2014 жылдан бастап осы белгіні 12 курсант иеленді. Бұл оқу ордасының басшылығымен профессорлық-оқытушыларының білім берудегі жемісі деп атауға болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр. Біз өз халқымыздың игілігі жолында ұлы мақсаттарды алға қоямыз, сондықтан 2050 Стратегиясының басты мақсатына жету жөніндегі жұмысқа белсене қатысуға шақырамын! Әсіресе, жастарымызға мынаны айтамын. Бұл Стратегия сіздерге арналған. Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер. Өз жұмыс орындарыңызда отырып, осы жұмысқа әрқайсысыңыз атсалысыңыздар. Немқұрайлылық танытпаңыздар. Елдің болашағын барша халықпен бірге жасаңыздар! Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді.» деп атап көрсеткеніндей, келешекте тыңдаушыларымыз құқық қорғау органдары саласында қызмет атқаратындықтарынан, олардың бойында өз еліне, Отанына, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, Қазақстан Республикасының барлық заңнамаларын сақтап, халқына мүлтіксіз адал қызмет жасауларына бағыт-бағдар бере отырып, Академиядағы тәрбие жұмысы 7 негізгі бағыттары бойынша жүзеге асырылады: мемлекеттік-құқықтық дүниетанымын қалыптастыру, кәсіби-адамгершілік және мәдени-эстетикалық тәрбие, қызметтік тәртібінің және заңдылықтың нығайтуы, патриоттық тәрбие, жеке тәрбиелік және психологиялық жұмысы, салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени-көпшілік жұмысы. Мәселен, курсанттардың мемлекеттік-құқықтық дүниетанымын қалыптастыру мақсатында мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясаты, әлемдік оқиғалар, сол секілді Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілері туралы жан-жақты ақпараттандыру ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев мемлекеттік білім беру құжаттарында маңызды орынды патриотизм, патриоттық тәрбиеге береді.

Осыған орай, оқу ордасында курсанттарға патриоттық тәрбие беру шеңберінде Академия ардагерлерімен жұмыс жасауға айрықша назар аударылады, олар бүкіл салтанатты іс-шараларға қатысып, курсанттардың отаншылдық тәрбиесіне зор үлесін қосады. Ішкі істер органдарының және Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен, тыл еңбеккерлерімен, Ауғанстан Демократиялық Республикасындағы әскери әрекеттердің қатысушыларымен кездесулер өткізеді. Әр курсқа оқу орнымыздың ардагерлері бекітілген. Жеке құрамының отаншылдық тәрбие мақсатында, хроникалық-деректі және ерлік-отаншылдық фильмдерді қарайды. Академия жеке құрамының кәсіби, адамгершілік – эстетикалық және интеллектуалдық деңгейін арттыру мақсатында, мәдени-бұқаралық бағытындағы маңызды іс-шаралар кешені жүзеге асырылады.

Академия қызметінің негізгі бағыттарының бірі, басты мақсаты жедел-қызметтік жұмыстың талаптары мен ерекшеліктеріне байланысты қасиеттерді игерген адамгершілігі жоғары кәсіби маман қалыптастыруды көздейтін тәрбие жұмысы маңызды орын алады. Офицерлер, Полиция жиналысы, Тәлімгерлер кеңесі, Әйелдер кеңесі, Ардагерлер кеңесі, Кураторлар кеңесі, Ата-аналар комитеті, Кіші командирлер кеңесі, тыңдаушылардың өзін-өзі басқаруы қоғамдық құрылымдар ерекше орын алады.

Оқу ордасында 8 шығармашылық үйірме (еліміздің мәдениет қайраткері Қ.Деріпсалдин жетекшілік ететін домбыра ансамблі, үрмелі аспаптар ансамблі, би үйірмесі, вокалдық-хор студиясы, КВН командасы, карабиншілер, барабаншылар взводтары, поэтикалық оқу үйірмесі) жұмыс істейді.

Биылғы жылы облыс аумағында орналасқан жоғары оқу орындары арасында академиямен белсенді әріптестік орнатылғанын және қалыптасқан дәстүрге сәйкес «Студенттер көктемі» фестивалін өткізу іс-шарасы ұйымдастырылуда.

«Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бүгінгі курсант - ертеңгі тәртіп сақшысы. Сондықтан оқу ордамыздың басшылығының ең басты міндеті - рухани бай, жан-жақты дамыған дарынды тұлға, яғни тыңдаушы қалыптастыру.

Осыған орай, Академияда «Академия міндет, абырой, ерлік!» атты тоқсан сайын академиялық журнал басылып шығарылуда. Аталған журналда оқу ордамыздың маңызды да тартымды мәдени-көпшілік іс-шаралары, тыныс-тіршілігі, қызметі мен жас қаламгерлердің, болашақ тәртіп сақшыларының өлеңдерімен, мақалалары жинақталған. «Академия міндет, абырой, ерлік!» жалпыакадемиялық журнал республиканың облыстарына таратылып жіберіледі. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы республикалық, облыстық бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз қарым-қатынаста қызмет атқарып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі адам бостандығының маңызды алғы шарты болып табылады, яғни қоғам мен мемлекеттегі жоғарғы құндылық. Сондықтан баспасөз, радио мен теледидардың адам баласына әсер бере отырып, жанама түрде тәрбиелейтін мықты институт. БАҚ арқылы республика, облыс тұрғындары оқу ордамыздың күнделікті тыныс-тіршілігімен, білім нәрін алып жатқан курсанттар арасында өткізілген әртүрлі мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралармен, ақпараттармен хабардар.

Академиямыз республикалық және облыстық бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз қарым-қатынаста жемісті жұмыс атқаруда. Мәселен, 2015 жылы «Қазақстан-Қостанай» ОТРК телеканал ұжымымен белсенді де табанды және жемісті қол жұмыс атқаруының нәтижесінде, «Жыл адамы — 2015» мүсіні табыс етілді. Бұл да оқу ордамыздың жемісі мен қуанышы болып табылады.

Елбасымыздың жыл сайынғы Жолдауында, басқа да баяндамалары мен үлкенді - кішілі жиындарда сөйлеген сөздерінде жастарымыздың салауатты өмір салтын ұстануына үнемі назар аударып отырады. Сондықтан біздің академиямыздағы профессорлық-оқытушылар құрамының, қызметкерлеріміздің, тыңдаушыларымыздың, салауатты өмір салты қағидасы мен спорт саласына деген ықыластары ерекше. Атап айтсақ, Академияда қоян-қолтық ұрысынан әлем чемпионы мен спорт шеберлерінің ерен жүйріктерін дайындаған спорт мектептері бар. 2001 жылы қоян-қолтық ұрысынан әлем чемпионын Академияның түлегі Руслан Мұқанов жеңіп алды.

Қазіргі таңда жауынгерлік және дене шынықтыру кафедрасында спорт шеберіне ие болған 5 қызметкеріміз бар және тыңдаушылар ішінен 4 спорт шебері білім алады. 10 спорт үйірмесі жұмыс істейді: қоян-қолтық ұрысы, самбо, еркін күрес, дзюдо, көпсайыс, футбол, волейбол, баскетбол, ауыр және жеңіл атлетика. Кафедра қызметкерлері мен курсанттардың спорттағы жетістіктерін атап өтуіміз қажет. Өткен оқу жылы бойынша біздің спортшыларымыз 60 –тан артық спорттық іс-шараларға қатысты, оның ішінде 20 – дан артығы халықаралық деңгейдегі жарыстар. Сол секілді өткен жылдың нәтижесі бойынша 10 спортшыға спорт шеберіне кандидат атағы берілді. Жаңа жылдың екі ай ішінде 4 спортшы спорт шебері көрсеткішіне -2 жауынгерлік самбо, 2 қоян-қолтық ұрысы бойынша жетті. Кафедрада «Жас ұлан» балалар спорт-патриоттық клубы бар.

Бүгінгі таңда, Академияның алдында полицияның білікті кадрларын дайындау үрдісін әрі қарай жетілдіру міндеттері тұр. Осыған орай, Елбасымыз өзінің үстіміздегі жылғы Жолдауында «Біз көлденең шыққан кедергілерге кідірмей, дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатына қадам басамыз. Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік!» деп атап көрсетті. Құқық қорғау органдары қызметкерлерін дайындау жүйесі қайта қаралып, халықаралық стандарттарға сәйкес өмірдің жаңа болмысына бейімделу керек. Сондықтан құқық қорғау жүйесі үшін мамандарды дайындайтын басқа оқу орындарымен бүгінгі заман талабына сай ынтымақтастық жасау Академия үшін ерекше назарды талап ететін басты бағыт болып табылады.



**Мирлан ҚЫЗЫЛОВ,
Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының бастығы,
заң ғылымының кандидаты,
профессор
полиция полковнигі**